

“Ұлттық ойын - ұлт қазынасы”

Асық, тоғызқұмалақ ойындары

Анықтама

Мектебімізде қараша айының 1-2 аптасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында “Ұлттық ойын - ұлт қазынасы” - үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде 1-4 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылды.

Асық ойыны — қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алышы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқы аталады.

Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез-келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру. Тоғызқұмалақ-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты.



“ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ”



<https://www.instagram.com/p/DDXFbZDiI6F/?igsh=MXIxcDJoMws0bjMyaA==>

<https://www.instagram.com/p/DDAMDMJijRZ/?igsh=MTI5eWlra202N3A3dQ==>